

**Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 қазандағы N 1212 және 1994 жылғы 5 қаңтардағы N 25 қаулыларына өзгертулер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 1995 жылғы 20 қыркүйектегі N 1272

Шетелдік кредиттерді бюджеттен өтеу және заемшылардың кейіннен қаражатты бюджетке қайтару кезінде ұлттық валюта мен пайдаланылатын шетелдік кредиттер валютасы арасындағы бағам айырмашылығынан пайда болатын бюджет шығындарын жою мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің шетелдік кредиттер жөніндегі кейбір шешімдеріне өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 28 қазандағы N 1212 қаулысына мынадай өзгертулер енгізілсін:

1-тармағының екінші абзацындағы "қайтаратын сәтке Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі белгілеген бағам бойынша теңгемен" деген сөздер алынып тасталсын;

төртінші абзацындағы "теңгемен өтейтін болсын" деген сөздер "кредит валютасымен өтейтін болсын" деген сөздермен ауыстырылып, "қайтару сәтіндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісінің бағамы бойынша" деген сөздер алынып тасталсын;

бесінші абзацындағы "немесе қайтару сәтіндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі белгілейтін бағам бойынша теңгемен" деген сөздер алынып тасталсын;

алтыншы абзацы алынып тасталсын;

сегізінші абзацындағы "қайтару кезіндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі белгілейтін бағам бойынша ұлттық валютада" деген сөздері "кредит валютасы" деген сөздермен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзацындағы "немесе қайтару сәтіндегі Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкісі белгілеген бағам бойынша теңгемен" деген сөздер алынып тасталсын.

2. "Алматы және Қарағанды маргарин зауыттарын жеке жоба бойынша жекелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 қаңтардағы N 25 қаулысының 3-тармағындағы "Түркия беретін кредиттің Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің тағамдық саломасты қайтару сәтіндегі бағамы бойынша шикізатты алғаннан кейін бір жыл ішінде теңгемен" деген сөздер "шикізатты алғаннан кейін бір жыл ішінде /тағамдық саломас және темекі материалдары/".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК